

УДК 338.242.4

**ЖАҢАРТПА ЭКОНОМИКАДАҒЫ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ӘЛЕУЕТ ЖӘНЕ
ПЕРСОНАЛДЫ БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІН ЖЕТІЛДІРУДІҢ БАСЫМДЫЛЫҚТАРЫ**

*Амангалиева М.М.,
Ph.D. in Public Administration
Қазақ технология және бизнес
университеті,
Астана қ, Қазақстан*

Аннотация

Ғылыми мақалада инновациялық экономикадағы персоналды басқару жүйесінің жетілдірілу мәселелері қарастырылады. Ұлттық экономикамыздың өсу деңгейі мен жағдайын көрсететін жалпы көрсеткіштердің бірі – инновациялық потенциал. Қазақстанда барлық уақытта да жеткілікті дәрежеде тиімді пайдаланыла бермейтін күшті инновациялық потенциал бар. Ұлттық экономиканың қызмет ету тиімділігі мен оны қамтамасыз етудің тұрақты өсуі инновациялық потенциал мен оны ұтымды пайдаланумен ғана байланысты емес. Инновациялық үрдіс пен инновациялық потенциал, инновациялық белсенділік және инновациялық саясат сияқты түсініктер бір-бірімен өзара тығыз байланысты.

Аннотация

В научной статье рассматриваются проблемы управления персоналом в инновационной экономике. Новые требования к темпам и качеству экономического роста открывают для Казахстана возможность сократить отставание от экономически развитых государств и обеспечить региональное лидерство. Однако реализация этих возможностей и переориентация национальной экономики на инновационный путь невозможны без формирования конкурентоспособной инновационной системы. Инновационная экономика способна обеспечить непрерывное развитие субъектов бизнеса, как высокотехнологичных, так и традиционных отраслей хозяйства, повысить эффективность менеджмента инноваций и знаний, а также сформировать инновационный человеческий капитал. Роль инновационного человеческого капитала определяется тем, что он оказывает существенное влияние на развитие самой инновационной системы, определяет темпы ее развития и результативность как в масштабах страны, так и на уровне предприятий. Задача поиска эффективных инструментов управления инновационным развитием человеческого капитала обусловила выбор темы исследования и дает основание считать ее актуальной в научном и практическом плане.

Abstract

In a scientific article discusses problems personnel management in the innovation economy. New requirements for the pace and quality of economic growth opened Russia to reduce the gap between economically developed countries and provide regional leadership. However, implementation of these features and the reorientation of the national economy to the innovative way impossible without the formation of competitive innovation system. Innovative economy can ensure the continuous development of business entities, as high-tech and traditional industries, improve the efficiency of management of innovation and knowledge, as well as to generate innovative human capital. The role of innovative human capital is determined by the fact that it has a significant impact on the development of the most innovative systems, determines the pace of its development and results both nationally and at the enterprise level. The task of finding effective tools for

managing innovative development of human capital led to the choice of research topics and gives grounds to consider it relevant in scientific and practical terms.

Түйінді сөздер: *инновациялық әлеует, персоналды басқару, бәсекеге қабілеттілік, ұлттық экономика.*

Ключевые слова: *инновационный потенциал, управление персоналом, конкурентоспособность, национальная экономика.*

Keywords: *innovative potential, personnel management, competitiveness, national economy.*

1. Кіріспе.

Қазіргі жағдайда кәсіпорынның бәсекеге қабілеттілік мүмкіндіктерін қалыптастыру және дамыту инновацияға, я жаңартпаға, сапаға және жетекшілікке байланысты. Бұл үш маңызды фактор нарықта ұйымның бәсекеге қабілеттілік позициясын анықтайды; және адам ресурстарына тәуелді болады. Персоналдың еңбек қабілеттілігін, нәтижелілігін және икемділігін арттыруға бағытталған адам ресурстарын басқару ұйымының бәсекеге қабілеттілік мүмкіндігін қалыптастыратын негізгі алғышарттардың бірі болып табылады. Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев «Еуразия ХХІ ғасырда: Жаңару арқылы көшбасшылық» тақырыбымен Астана қаласында өткен Дамушы нарықтардың еуразиялық форумына қатысып: «...болашақта бәсекеге қабілетті болу үшін бізге қазірдің өзінде өндірістің жоғары технологиялары салаларына мамандану қажет. Жаһандық нарықта әлі иелік етілмеген жоғары технологиялық салаларды бағдарға алған маңызды. Бұл мысалға, таза энергетика, роботты техника, нанотехнология, аэроғарыштық өнеркәсіп, гендік инженерия, яғни қазіргі күні дамыған мемлекеттердің барлығы айналысып жатқан салалар. Сондай-ақ геологиялық барлау, инжинирингтік, ақпараттық қызметтердің де жоғары технологиялық секторын қалыптастыру қажет» (Сағынбекова Р., 2013). – деп айта келе, болашаққа қойылған мақсаттарды барынша қамтамасыз ету үшін іс-қимыл таныту қажеттігін айтады.

2. Талқылау.

Соңғы уақытта әлемдік шаруашылық жүйесінің жаһандануымен, ұлттық экономиканың жедел модернизациялануымен байланысты адам ресурстарын дамыту, ұдайы жетілдіру сондай-ақ оның интеллектуалдық әлеуетін барынша ұтымды пайдалану ерекше маңызға ие болуда. Әлемдік қоғамдастықтың бір мүшесі ретінде мұндай тенденцияны Қазақстан дамуынан да байқауға болады.

Постиндустриалдық қоғамға өтумен байланысты дамыған батыс елдерінің экономикасындағы маңызды өзгерістер ХХ ғасырдың соңында айқын көріне бастады. Кәсіпорындағы еңбекті ұйымдастыруды түбегейлі өзгерту қажеттілігі екі фактор тобымен шарттастырылған. Шартты түрде оларды кәсіпорынның сыртқы ортасымен байланысты объективті және еңбек субъектісі ретіндегі адамның өзгеруімен байланысты субъективті факторлар деп екіге бөлуге болады. Егер, дәстүрлі түрде фирманың негізі тауар өндіру болса, қазір – білім, ноу-хау өндірісі, жаңа технологиялар әзірлеу болып табылады. Нәтижесінде бұрынғы ғылыми категориялар да өзгеруде. Индустриалдық қоғамда капитал ретінде өндіріске инвестициялану нәтижесінде қосымша табыс әкелетін қаржы құралдары түсінілсе, бүгінде адамның өзі де капитал ретінде қарастырылады, яғни адам ұйымның немесе тұтас елдің стратегиялық ресурсы, оның бәсекеге қабілеттілігінің негізі.

Адам ресурстары экономикалық ресурстардың ішіндегі маңызды әрі спецификалық ресурс болып табылады. Экономикалық даму факторы ретінде адам ресурстары – бұл белгілі бір кәсіби білім, дағдыларға ие және оларды еңбек процесінде қолдана алатын жұмысшылар.

Экономикалық дамудың басқа факторларымен салыстырғанда адам ресурстарының спецификалық ерекшелігі мынада, біріншіден адамдар материалдық және рухани құндылықтарды жасап қана қоймайды, сондай-ақ оларды бірден-бір пайдаланушы, екіншіден адам өмірінің әрқырлығы еңбек әрекетімен ғана шектелмейді, сондықтан адам еңбегін тиімді пайдалану үшін адамның тұлға ретіндегі қажеттілігін әрдайым ескеру қажет, үшіншіден ғылы-

ми-техникалық прогресс және қоғамдық өмірдің гуманизациялануы білім, адамгершілік, интеллектуалдық әлеуеттің және жұмысшының басқа да жеке қасиеттерінің экономикалық рөлін барынша арттыруда.

Қазақстан экономикасының ашықтығы және стратегиялық өндірістік объектілерге шетел инвесторларын тарту жағдайында персоналды басқару мәселелері осы салаға өз стандарттарын енгізіп жатқан батыс менеджменті әсерінде қалыптасуда.

Қазақстанда жұмыс атқарып және әлемдік нарықтарда өз өнімінің үлкен бөлігін жүзеге асырып келе жатқан ірі ұйымдар мен кәсіпорындарда, персоналды басқару мәселесін жүйелі жолға қойып, өз ұйымдарында шетел модельдерін енгізумен шұғылданып келеді. Себебі персоналды тиімді пайдалану ұйымның бәсекеге қабілетін көтерудің негізі болып отыр.

Қазақ елінде либералдық еңбек нарығында отандық адам ресурстарын пайдалану және реттеу әлеуметтік жауапкершілік әдістері негізінде жаңадан басталуда. Қазіргі таңда отандық кәсіпорындар мен әлемдік деңгейдегі трансұлттық компаниялардың саясатына кері әсерін әкелуі ықтимал ғаламдық кәсіподақтық ұйымдармен келісімге келу мәселесі тұр.

Ұлттық экономикамыздың өсу деңгейі мен жағдайын көрсететін жалпыландырылған көрсеткіштердің бірі – инновациялық потенциал. Қазақстанда барлық уақытта да жеткілікті дәрежеде тиімді пайдаланыла бермейтін күшті инновациялық потенциал бар. Ұлттық экономиканың қызмет ету тиімділігі мен оны қамтамасыз етудің тұрақты өсуі инновациялық потенциал мен оны ұтымды пайдаланумен ғана байланысты емес. Инновациялық үрдіспен инновациялық потенциал, инновациялық белсенділік және инновациялық саясат сияқты түсініктер бір-бірімен тығыз байланысты. Осыған байланысты инновациялық потенциалдың негізі мен құрылымын, оны құрайтын компоненттерді республика, аймақ көлемінде ғана емес, әрбір жекелеген өндірісте де пайдалану проблемасы туындайды. Мұның барлығы потенциалдың мүмкіншіліктерін толық ашу үшін және инновация саласындағы пайдаланылмаған қорлар көлемін анықтау үшін қажет. Бар қорларды толық пайдаланбау және потенциал мүмкіншіліктері мен пайдаланылмаған қорлар көлемін білмеу ғылыми-техникалық үрдіс қарқынын баяулатуға және техникалық қауіпсіздіктің бұзылуына әкеліп соқтырады.

Инновациялық потенциал қазіргі кезде жеткілікті түрде зерттелмеген күрделі де көп қырлы категория. Оның қоғамдық қатынастар жүйесіндегі алатын орны экономикалық, өндірістік, техникалық, еңбекті басқару мүмкіндігі, қажеттіліктері мен мүдделері сияқты бірдей деңгейдегі категориялар қатарымен бірге түсіндіріледі. Инновациялық потенциал экономикалық потенциалдың ажырамас бөлігі болып табылады және оның тиімді қалыптасуы, өсуі мен пайдалануы республиканың экономикалық жағдайына көп әсерін тигізеді. Қазіргі кезде Қазақстанда нарықтың қайта өзгерген жағдайындағы ұлттық экономика өсуінің негізгі мәселелерін шешетін потенциалдың қалыптасуы, өсуі мен пайдалану қажеттілігі туындап отыр.

Инновациялық потенциал шынайы құбылыс ретінде диалектиканың ортақ заңдылықтарына бағынады және инновациялық потенциалдың негізі мен мазмұнын түсіну үшін шынайы қатынастардан абстрактілі ойлауға дейін, одан кейін барып абстрактіден нақтылыққа көшуден бастау керек.

Инновациялық потенциалдың мазмұны диалектикалық көзқарас тұрғысынан қарағанда, шындықтың қарама-қайшылығын қорытындылайды. Инновациялық потенциалдың негізін құбылыс ретінде анықтау – ол ішкі қарама-қайшылықты анықтап, оның өсуінің алғашқы көздерін анықтау болып табылады.

Диалектиканың өзі де сол құбылыстар мен заттардың қарама-қайшылықтарын оқып үйренуден тұрады.

Жаңартуларды ойлап табу және басты шарты – кәсіпорында оған қажетті инновациялық әлеует қажет. Ол әр түрлі ресурстар жиынтығымен сипатталады, соның ішінде:

1. Зияткерлік ресурсы (технологиялық құжаттама, жаңалық игеру патенттері, лицензиялары мен бизнес-жоспары, кәсіпорынның инновациялық бағдарламасы).

2. Материалдық ресурстары (тәжірибе аспаптық база, заманауи технологиялық және ақпараттық құрал-жабдық, алаңдар ресурсы).

3. Қаржылық (меншікті, несиелік, инвестициялық, аймақтық, гранттар).

4. Кадрлық (жаңашыл-көшбасшы, инновацияға ынталы персонал, қызметкерлердің ғылыми-зерттеу институттарымен және жоғары оқу орындарымен әріптестік және жеке байланыстары; ғылыми-зерттеу жұмыстары мен тәжірибе конструкторлық жұмыстар жүргізу тәжірибесі, жобаларға жетекшілік ету тәжірибесі).

5. Инфрақұрылымдық ресурстар (меншікті ҒЗТҚЖ бөлімшелері, жаңа өнім маркетингі бөлімшесі, патент-құқық бөлімшесі, ақпарат бөлімшесі) және т.б.

Аталған ресурстар кәсіпорынның жалпы ресурстық әлеуетінің бір бөлігі және оны ғылыми-технологиялық әлеуеті, өндіріс технологиялық әлеуеті, қаржы-экономикалық әлеуеті және кадрлық әлеуеті түрінде құрылымдауға болады.

Осылай, инновациялық әлеует компаниялық жалпы әлеуетінің өзегін, бір бөлігін құрайды.

Сонымен бірге, әлеует ұғымы (соның ішінде инновациялық) тек материалдық құрамы анықталмайды, оның ішінде – ресурстар жиынтығына келіп тірелмейді. Демек, инновациялық әлеует жайлы айта отырып, инновациялық іс-әрекетіне қажет ресурстар емес, оларды тиімді пайдалану мүмкіндіктерін де есте ұстаған жөн. Бұл мүмкіндіктер ең алдымен компания тиісті инновациялық жағдайды қалыптастыру қажет, ол кезегінде, көп жағынан инновациялық мақсатқа жетуіне жағдай жасайтын немесе қарсыласатын сыртқы ортаға тәуелді. Қажетті сыртқы әсер ету жағдайын қалыптастыру жүйесінің маңызды буыны кәсіпорынның инновациялық дамуға қолдау көрсетуге арналған инновациялық инфрақұрылым құру болып табылады.

Сонымен, компанияның инновациялық дамуы көп ретте компанияның инновация жасау мүмкіндігін сипаттайтын инновациялық әлеует пен инновациялық ахуалымен, сондай-ақ компанияның қолда бар инновациялық әлеуетін пайдалану жөніндегі инновациялық деңгейімен анықталады. Төменде компанияның инновациялық негізінде құнын арттыру мен өркендеу мақсатында инновациялық әлеуеттің қаржылық және кадрлық факторларын пайдаланудың кейбір тетіктері қарастырылатын болады.

Инновациялық потенциалдың ішкі мазмұнын қарама-қайшылықтардың күресі мен бірлігі ретінде ғана анықтау керек.

Мұндағы басты нәрсе – инновациялықты қолданудағы ұлттық экономика қажеттіліктері мен оларды қанағаттандыратын басқару жүйесінің мүмкіншіліктері арасындағы қарама-қайшылықтарды оқып үйрену болып табылады. Бұл диалектикалық қарама-қайшылықты көрсететін, экономикалық және басқару қатынастарының тұтастай топтары орналасқан шаруашылық қызметі саласындағы ортақ қарама-қайшылық. Ұлттық экономиканың өсуі басқалармен сәйкес келмейтін инновациялық үрдістердің шапшаң өсуін болжап отыр. Бірқатар ғалымдар бұл қарама-қайшылықты инновациялық үрдіс мүмкіншіліктерінің ұлттық экономика қажеттіліктерінен қалып қалуын білдіреді деп есептемейді. Олармен келісуге болады, егер мүмкіншілік түсінігінде жетілген инновациялық мүмкіндігін айтсақ, алайда болашақта инновациялық мүмкіншілігінің шектеулігі болады деп те мойындауға болмайды, өйткені оның себебі субъективті, оны жоюға әбден болады.

«Потенциал» түсінігі объективті де субъективті де мазмұнға ие. Объективті мазмұн бойынша потенциал – ол қоғамдық, ұжымдық және жекелеген қажеттіліктер деңгейінде өндірілетін жүйеде пайда болған, жинақталған еңбек.

Ал потенциалдың субъективті мазмұны ретінде адамдардың жинақталған еңбектерін пайдалану қабілеттері түсіндіріледі. Олар қоғамдық өндірісті басқарудың субъективті үрдістерін сипаттайтын ерекше қажеттіліктер тобына жатады.

Республикадағы экономикалық өсу тұрақтылығын қамтамасыз ету проблемасы еліміздің экономикалық мүмкіндігін өсірудің қарқынын жеделдетуді қамтамасыз етуші инновация-

лық қызмет мүмкіндігі мүмкіншіліктерін барынша тиімді пайдаланудың жолдарын іздеумен тығыз байланыста болып отыр.

Бұл мәселені шешу инновациялық мүмкіндігін ұтымды пайдалану мен оның сапалық құрамын жақсартпайынша мүмкін болмайды. Инновациялық потенциал, әсіресе, экономиканың қайта жаңаруы кезеңіндегі ұлттық экономиканың өсуінде үлкен мәнге ие. Қоғамның жинаған инновациялық қорларын тиімді пайдалану, ең алдымен ұйымдастыру мен оларды басқару деңгейіне байланысты. Осыдан барып инновациялық мүмкіндігін тиімді пайдалану, сапалық құрамы мен құрылымын жақсарту есебінен экономикалық өсуді ары қарай қамтамасыз ету проблемасы туындайды. Осыған байланысты инновация мүмкіндігін пайдалану тиімділігін зерттеу оның мүмкіншіліктеріне негізделу қажет, ол оның пайдаланылмаған қорларын толығырақ есептеуге және елдің тұтастай экономикалық мүмкіндігі мен өсу пропорциясының қарқынын ғылыми негіздеуге жағдай жасайды.

Бүгінгі таңда кез-келген мемлекеттің әлеуметтік, экономикалық және саяси жаңғыруының негізгі міндеті ретінде инновациялық, өндірістік және ғылыми дамуы арқылы білімге негізделген экономикаға көшу мәселесі қойылды. Бұл ғылыми бағдарламалардың мақсатты бағдарлануын және өндірістік жүйені жаңғыртуды сонымен қатар, ғылыми салаға жүйелік көзқарасты қажет етеді. Ұлттық инновациялық жүйелердің модельдерін зерттеу өндірістің, ғылымның және инновацияның дамуындағы мемлекеттің рөлін дәлелдеді. Мемлекеттік инновациялық қызметке ұлттық инновациялық жүйені қалыптастыруға бағытталған инновациялық қызметті мемлекеттік қолдауды жүзеге асыруға бағытталған инновациялық саясат жатады. Инновациялық саясат технология мен ғылымның даму болашағына және болжауына негізделеді. Инновациялық саясаттың негізгі бағыттары индустриалдық саясаттың бағыттарымен анықталады және инновациялық қызметті ынталандыру мен мемлекеттік қолдауды іске асыру мен байланысты.

Қазақстандағы инновациялық экономиканы қалыптастыру ХХІ ғасырдағы даму бағыты болып табылады. Қазіргі кезде, Қазақстанда инновациялық қызметті қолдауға және дамытуға біршама іс-шаралар атқарылды:

- Индустриялық-инновациялық даму стратегиясы;
- Қазақстанның барынша бәсекеге қабілетті 50 елдің қатарына қосылу стратегиясы;
- Ұлттық инновациялық жүйені қалыптастыру және дамыту бағдарламасы;
- 2010–2014 жылдарға арналған үдемелі индустриялық-инновациялық даму бағдарламасы қабылданды.

2003 жылы Қазақстанда индустриялық-инновациялық стратегияның қабылдануы мен қаржылық институттар жүйесіне және индустриалдық-инновациялық дамуды мемлекеттік реттеудің механизмдеріне қайта құру іс-шаралары жүргізілді.

Қазіргі күні Қазақстанның экономиканы әртараптандыру және әлемдік нарыққа интеграциялану мақсатында өзінің инновациялық саясаты мен ұлттық инновациялық жүйесі қалыптаса бастаған. Бұл бастаманың негізі болып 2003 жылы қабылданған Қазақстанның 2003–2015 жылдарға арналған индустриалдық-инновациялық даму стратегиясы болып табылады.

2010 жылы мемлекеттің қатысуымен Ұлттық инновациялық жүйені қалыптастыру мақсатын көздеген стратегияның екінші кезеңі аяқталған болатын. Жалпы алғанда, сарапшылардың бағалауы бойынша, Қазақстанның индустриалды-инновациялық саясатын жүзеге асыру, мемлекет қызметтерінің барлық салаларына әсер етті, бұл бойынша заң қабылдау саласында түрлі жұмыстар атқарылып, бағдарламалық құжаттар мен нақты шаралар істеліп жатыр.

ҚР-да инновациялық бағыттағы экономиканы қалыптастыру адам ресурстарына тікелей байланысты. Тіпті, адам ресурстары инновациялық экономика қалыптастырудың шешуші факторы десек қателеспейміз. Жоғарыда аталған стратегияларды нәтижелі жүзеге асыру адам ресурстарының сапалы дамуын талап етеді. Олай болса, адам ресурстарын ұдайы әрі

сапалы дамыту инновациялық экономика қалыптастырудың негізі ғана емес, мемлекет саясатының басым бағыты ретінде жүзеге асуы тиіс.

Инновациялық потенциал – бұл инновациялық қызметті іске асыру үшін қажет, материалдық-өндірістік, қаржылық, ғылыми-техникалық, технологиялық, ақпараттық және басқа да қорлар кіретін; ғылыми техникалық өрлеудің нәтижесі болып табылатын әртүрлі қорлар жиынтығы.

Инновациялық потенциал – бұл қызметкер мен оның кәсіби деңгейін, ақпаратын, техникасы мен технологиясын білдіретін көп қырлы да күрделі жүйе. Инновациялық потенциал жоғары кәсіби шебер қызметкердің санымен, дайындық сапасымен; техникалық жабдықтау деңгейімен белгіленетін пайдаланылатын қорлар көлемі, оның құрылымы, тарату мүмкіншіліктерімен анықталады. Инновациялық потенциалды қалыптастыру мен пайдаланудағы негізгі мақсат немесе қоғамның белгілі бір өсуінің қорытындысы деп қарауға болмайды, өйткені ол экономикалық потенциалдың ажырамас құрама бөлігі және ұлттық экономиканың өсуін қамтамасыз ету үшін құралады. Сондықтан да басқару мүмкіндігін ұлттық экономика салалары мен инфрақұрылымын инновациялық негізде қайта қаруландыруды қамтамасыз етуші елдің экономикалық қауіпсіздігі мен ұлттық байлығының факторы мен көзі деп қарастыру қажет.

Инновациялық жүйеде адам факторы, оның интеллектісі (ойлау қызметі), тәжірибесі мен сезу қабілетіне басты назар аударылып отыр. Ойлау үрдісіне оны құрайтын келесі: сыртқы орта мен адамның өзінің ішкі факторларының әсерінен сенімге айналатын, ойда қалыптасатын идея жатады. Сенім нақты инновациялық әрекетте пайда болады. Сыртқы ортамен келісілген жағдайда қабылданған әрекет табысқа әкеледі. Табыстың қайталануы интеллектуалдық шешімді қабылдаушы адамның жоғары дәрежелі іскерлігімен түсіндірілетін инновациялық саласындағы шеберлік пен өнерді қалыптастырады. Интеллект деңгейі адамдардың проблемаларға көңілін аударып, шығармашылық ойлауын және оларды шешуде табысқа жетуге тырысу, жалпы адамның «идея беру» қабілетін анықтайды. Интеллектуалдық потенциал жаңа инновациялық ойлау мен үздіксіз таным үрдісін көрсетеді. Инновациялық ойлаудың маңызды ерекшелігі тәуекелдік қабілеті мен істің басталуына жеке жауапкершілігінің болуы.

Негізінен анықтайтын нәрсе, мамандардың ішінен кім категория мен түсініктердің негізін терең білсе, кім солардың арасындағы терең байланыс мен өзара байланысты көре алса, сол интеллектуалды дайындалған болып шығады; және де табысқа жетуге көп мүмкіншілігі бар.

Түсініктер мен категорияларды талдау өнері ойлау үрдісінің негізін, адамның кәсіби тәртібінің негізін салады. Кәсіби түсініктерді талдау деңгейі, олардың арасындағы байланыс пен тәуекелділікті табуы неғұрлым жоғары болса, инновациялық қызметтегі табыс мүмкіншілігі соғұрлым жоғары болады.

3. Қортынды.

Интеллектуалдық потенциалды жетілдіруге адамның интеллектуалды қызметінің мүмкіншіліктерін кеңейтетін, интеллектуалды жүйе жасау саласындағы соңғы кездегі жүргізілген жұмыстар өз әсерін тигізді. Интеллектуалды жүйені пайдаланудың арқасында техника мен технологияны жетілдіру мүмкін болып отыр. Негізінен инновациялық қызметті іске асыру мен түсінуге жаңа сапалы әдістерді қолдануды ашып отыр.

Әдебиет тізімі

Аманшаева Д.М. Кәсіпорындағы персоналды басқаруды жетілдіру. Экономика ғылымдары бойынша PhD докторы академиялық дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның авторефераты. – Астана, 2010.

Сағынбекова Р. «Н. Назарбаев: Адам капиталы – басты байлығымыз» // Экономика республикалық апталық газет. 2013 жыл. №36 (313). 12-18 қыркүйек.

Управление персоналом / под ред. Базарова Т.Ю., Еремена Б.Л. Учебник. 1999.

Карякин А.М. Управление персоналом: Электронное учеб. пособие. 3-я редакция /Иван. гос. энер. ун-т. – Иваново, 2005.